

Сынып жетекшісінің сынып бойынша  
тәрбие жұмысының жылдық есебі.

**Тәрбие мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

4«А» сыныбында барлығы 11 оқушы бар. Оның ішінде ұлдар-5, қыздар-6.

Сыныпта көп балалы отбасылар бар жағдайы төмен отбасылар жоқ. Қамқорлыққа алынған оқушы жоқ.

Сыныптың төрт оқушысы «Оқу озаты» (Жақсыбай Абдрахим, Наурызбай Роза, Қалықова Раяна, Жолдасбай Іңкәр) және алты оқушы жақсы бағамен бітірген (Диханбай Жандаулет, Жұманшев Ерасыл, Жұбанова Айару, Тәуекел Кәусар, Қали Әлихан, Мақсат Мейірлан) Қанағаттанарлық бағамен Ипанажипова Балауса аяқтап отыр.

Сыныптағы барлық оқушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен танысу мақсатында қыркүйек айында үйлерін аралап шықтым.

Жалпы сынып оқушыларының интеллектуалдық деңгейі, сабаққа қызығушылық деңгейі өте жақсы, тәртіп жағынан да үлгілі. Оқу жылының басында сынып белсенділерін сайладық.

I және II жартыжылдық іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай сынып сағаттарын көрсеттім. Атап айтқанда: «1 қыркүйек – Білім күні. «Мектебім мейірім мекенім», Мақсаты; Оқушыларға 1 - қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, мектебіне сүйіспеншілікке тәрбиелеу. «Отаншылдық және оның мәні», «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау», "Мемлекеттік рәміздер –ел мәртебесі", «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз», «Жол ережесін есте сақта» тақырыбымен тәрбие сағаттары жоспар бойынша өтті. 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің мерекесіне орай «Елімнің еркіндігі-Тәуелсіздік», «Қош келдің, Жаңа жыл!» , «Ана тілі- ұлт жүрегі», наурыз

айында «Амал көрісу күні», «Ана- өмір шуағы» атты тәрбие сағаттары өтті. Оқушылар да ат салысты: өлең жолдарын, ән сөздерін жаттап, мәнерлеп оқып, ән салды. 1 мамыр мерекесіне орай «1 мамыр Халықтар бірлігі күні» және 7 мамырға «Отанымды қорғаймын» атты тәрбие сағаттары өтті. Әр тоқсан сайын ата- аналар жиналыстары өтті. Сонымен қатар ата- аналармен «Бала және интернет». «Компьютерлік ойындарға тәуелділіктен қалай шығуға болады?» тақырыбында дөңгелек үстел, ашық әңгімелесулер өткізілді.

«Қош бол, сүйікті бастауышым!» атты тәрбие сағаты 17 мамыр күні өткізілді. Тәрбие сағатына ата-аналар шақырылды. 24 мамыр күні «Білімім-Отаным!» тақырыбымен тәрбие сағаты өтті. Оқушылар түгел қатысып белсенділік көрсетті.

Ата-аналармен тоқсан соңында оқушылардың оқу үлгерімі, кездескен қиындықтар және оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жиналыстар өткіздім. Сыныпта өткізілетін тәрбие сағаттары мен тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың уақытында өткізілуі нәтижесінде құқық бұзушы бала, ата-ана жоқ.

Нәтиже: Оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзін қалай ұстау керек екенін үйренді. Мен оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқадым.

Алдағы 2024-2025 оқу жылына ұсыныстар;

1. Сыныппен тәрбие жұмысы жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағыт беру.
3. Ата-аналардың мектеппен байланысын нығайту және тығыз байланыста болу.

Сынып жетекшісі. Ашиқбаева Алмагуль Костаевна.